



ОРЫСТЫҢ ОТАРЛАУЫ МЕН ҚЫТАЙДЫҢ ҚҰРСАУЫНА БАҒЫНБАҒАН МҰҚА БОЛЫС



Күз. Қараша айының алғашқы күндерінің бірі, түс мезгілінде ұялы телефоным әндетіп қоя берді. Өзіміздің әріптес тарихшы, ақын ағамыз Молот Мұсаұлы ашық жарқын дауысымен:

– Кешке Ынтымақ ауылына жетсең, Алматыдан бір ағамыз келіпті. Мұқа болыс туралы айтары бар көрінеді, сен мәліметтер іздеп жүр едің ғой, – деп, әдеттегідей саңқылдай жөнелді.

Иә, Мұқа болыс кешегі қанқұйлы Кеңестік саясаттың кесірінен есімі аталмай, көлеңкеде қалып қойған қазақ тарихындағы ақтаңдақтарының бірі еді. Үй иесі Марат құда амандық-саулықтан соң аласа бойлы, шашын артқа қайырған, жүзінде зиялылықтың табы бар егелеу кісімен таныстырды:

– Катеков Ермек, Суанмын, оның ішінде Солтанғұл, – деді.

Осы бір кездесуден кейін біршама уақыт ой қармауында жүріп естіген үлкендер елең ете қалатын осынау атақты болыс туралы бар жиганымды ортаға салып шама жеткенше көлемді бір мақала жазуға бел шешіп қолыма қалам алдым. Сонымен, әңгіменің басын сол Ермек ағамыздың айтқан естелігінен бастайық:

– Мұқа болыстың інісі Мұстафа, оның Анар деген қызы менің туған анам. Бірақ, мен нағашы атамды көрмедім, сонда да үлкендердің әңгімесінен болыс ағамыз туралы көп естідім. Соның бірі менің әкем Абдолданың інісі Тоқмолданың көзін көріп, өз аузынан естігенім, мынау еді. Бұл сол 1946-1947 жылдары шекараның арғы бетінде болған оқиға.

Онда менің бала күнім кіші әкемнің

үйінде көп жүретінмін. Ол кісі құйрығын кескен бесті жылқыны басқа малдарға қарағанда ерекше ықыласпен күнге көз айырмай жақсылап күтіп-баптап жүретін. Күндердің күнінде әлгі бесті аяқ астынан жоқ болды. Кіші әкемді сырттай бақылап қоямын, сол күндегі қалпы. Жоғалған жылқы туралы сұрау да салмайды, іздейін деген ниет те білдірмейді. Содан біраз уақыт өткен соң шыдамым таусылып Тоқмолда әкемнен бір күні әлгі «жоғалған жылқы» туралы сұрадым. Сондағы ол кісінің жауабы былай болды:

– Бұл малды маған уақытша қарап бер деп Мұқа болыс берген, – деп, қысқа қайырды.

Кейін білгенім, сол бір алмағайып заманда дұшпанға деген елдік намыс бұған болыс ағамыз үнемі қазақтың мықты сайыпқыран жігітерінен қол ұстаған екен. Әкесі қажы болған, байлығы жеті ұрпағына жетерліктей қисапсыз. Десек те, оның іс-әрекетінен оған дүниеден гөрі елінің, жерінің азаттығы бәрінен де жоғары тұрғандығын байқаймыз.

Одан кейінгі әңгіме ауаны мүлдем басқа арнаға ауысты.

Елі мен атамекен жері үшін аттан түспей, қолына қару алып басқыншыларға қарсы қаймықпай қарсы тұрған, Алашорданы қазағымның төл мемлекеті деп танып, көмек қолын созып қолдаған, Жаркент өңірінде тірі күнінде аты аңызға айналған бірегей тұлға Мұқа болыс (Мұқаметжан) Әжібекұлы туралы әлі талай естеліктер жазылары сөзсіз. Әрі қарай осы бір ел аузында аңызға айналған айтулы тұлға жайлы өзімнің жинастырып жүрген деректеріме кезек берейін.

Жоғарыда Ермек ағамыздың айтқан сөзінің жаны бар.

Себебі, Мұқаның әкесі Әжібек қажылыққа барған, інісі Тұрысбек екеуі де өз дәуірінде Жаркент өңірінің атақты бай-қуаттыларының алдыңғы қатарынан орын алған нағыз шынжыр балақ, шұбар төс жандар болды. Қажы әкесінің де көзі ашық, сауаты бір басына жетерлік, заманның тамыр соғысын бағамдай білетін үлкен ақыл-ойдың иесі еді. Ірі бай болған – 3000 жылқы, 10 мың қой, 1000 ірі қара, 100 түйесінің өзі осыншама байлығы естіген адамның есін алатын. Және де 50 пар атты, 20-дай бір атты арбасымен керуен жүргізіп алыс-жақынмен саудасаттық жасасады.

Ағайынды екеуі Патшалық Ресей тұсындағы генерал Колпаковскийдің кезінде бүкіл Іле өңірі қазақтарына адуынды билік жүргізіп, аймаққа аты шыққан. Сол байлықтың арқасында ерте ел танып, жер танып, мұсылманның бес парызының бірі қажылыққа Меккеге-Мединеге барып келеді. Меккеден қажылықтан келген соң:

– Қажы болдым, мұсылманның бір парызы ретінде мешіт салдыру ләзім, – деп Жаркент қаласында мешіт, медресе салу бастамасын алғаш көтерген. Бұл туралы ел аузында әлі күнге айтылып жүр.

Әжібектен тараған балалар – Мұқа (Мұқаметжан), Мұстафа, Жаһуда, Уәли, Мәжит, Хамит, Бексұлтан, Абдрахым төре.

(Жалғасы 4-5 бетте)

Тан ағарғанда межелі жеріне жеткен Жоламан, теріскейдегі қырлауытқа бігісе өскен итмұрынның шоқ бұтасының арасына бір кіріп, бір шығып тынышы кетіп жүрген еліктің нән текесін байқап отырды. Жыртқыштардан сақтанып, паналаған қалың жыныстан шығып көк шалғынға бас қойғанда бұл да жымын білдірмей төменге жылжи жөнеледі. Өлеңді шөпке бас қойып күргілдеге шайнаған кезде көп дыбысты сезбей қалу мезетін пайдаланып қалмақ. Бас бағып барып жақыннан атпаса мылтық оғы жетпейді, қашықтау. Күн көтеріліп айналаға сәулесін шашқанша атып түсірмесе шалғынды біраз шалған текенің қалың бұтаның арасындағы жатағына кіріп жатып алатыны анық.

ОРМАНДАҒЫ ОЙРАН

(хикаят)

Қалың тобылғы, ұшқат, қой қарақат бұталары мен кейбір жерлердегі тұтаса өскен қарағайлардың ығымен тасалана жүріп сылдырап мұздай су ағып жатқан жіңішке тасты өзекке түсті. Тастан тасқа жымын білдірмей өтіп, жағасындағы көк жасық құрағын сақтана басып елік жайылып жүрген беткейдің астынан шықты. Аң атаулының алыстан тез иіс шалатынын жақсы білетіндіктен, ық жағын ала сыбдырын сездірмей өрлеп келеді. Екі араны оймен мөлшерлеп алды. Жуықтағанын сезді де тасаланып тұрған шөптің арасынан еппен сәл ғана басын көтеріп, құлағын қағып шалғынның басын шалып тұрған текені көрді. Тығыршықтай болып майы сыртына шығып тусырылып тұр екен. «Ә, құдайым, қанды басын бері тарт» деп ұмсына беріп көлденеңдей берген текенің тақыр қолтығын ала тұспалдап шүріппені басып қалды. Мылтықтың дара оғы қойсын ба, теке екі-үш рет секіріп барып мойны астына қайырыла құлады. Мүлгіген тыныштықта атылған мылтықтың дауысы шатқалдың ішін жаңғырықтырды. Кенеттен гүрс еткенде әлгінде ғана өзі отырған топ қарағайдың астынғы жағынан шошынған екі бұғы атып шығып шаңырақтай салалы мүйіздерін арқасына қайырып алып бірінің соңынан бірі бөктерлей қашты. Ұшардағы қорымның тасы салдырап назарын аударды. Мойын бұрып қарап еді мылтықтың ащы дауысынан безінген бір топ тау ешкісі серке текесінің соңынан тіктеп тартып жаламаны айналып барады екен. Жартастың не қарағайдың басында отырды ма әйтеуір тау қыраны мен ақбас құмай да шөшпін кетіп көкке көтеріліп алып қалықтар жүр. Бір жолы атылған мылтық дауысынан ояңған тіршілік атаулының әп-сәтте әбігерге түскені байқалды.

Тау жаңғыртқан мылтық дауысы семгенде айнала жым-жырт күйге түсіп баяғы мүлгіген қалпына келді. Жан шықпақ та оңай емес, оқ тиген еліктің ірі текесі жандалбасалап, тыпырлап төменге қарай аунап біраз жерге келді де ат бойы көрінбес балдырдың арасында қимылсыз қалды. «Ә, құдайым оңынан берді» деген аңшы да іштей қуанып, жылдамдата өрлеп келіп жанбасындағы қыңға салынған шаппалы пышағын суырып алды да жаны шықпай жатқан текенің мүйізін жерге жаншып тұрып тамағынан орып жіберді. Бүлкілдей аққан қан жан-жаққа шашырамасын деп мүйізінен біраз уақыт еңкейтіп басып отырды. Тұяқ серпуі басылғанша күтті. Қаны түгел сорғып болды-ау дегенде мүйізінен алып еңіске сүйрей жөнелді.

(Жалғасы 6-7 бетте)

ҒАЛЫМДАР ЖАЗБАСЫНДАҒЫ ЖАРКЕНТ



Еуропа мен Азия елдері арасындағы қарым-қатынастың көпшілігі (керуен жолдары, елшілік көштері т.б.) ежелгі заманнан Қазақстан жері арқылы өткен. Осыған байланысты Қазақстанның кейбір табиғи объектілері туралы жазба деректер өте ерте кезден белгілі болған. XIII ғасырда Италия саяхатшысы Плато Карпини және Фламандия саяхатшысы Виллем Рубрук өздері жүрген Қазақстан территориясындағы шөл, шөлейт аймақтардың қысқаша сипаттамасын берген. Жетісу (Жоңғар) Алатауы жайында алғашқы деректер келтірілген. 1827 жылдан 1872 жылға дейінгі аралықта Г.С. Карлин өлкені картаға түсірумен бірге Жетісу Алатауының жануарлар мен өсімдіктер дүниесінен коллекциялар жинады. Жетісу Алатауының табиғаты жөніндегі ұғымды анағұрлым кеңейтіп, шығыстағы тау жоталары бітімінің ерекшеліктерін анықтап, олардың геологиялық құрылымына жалпы сипаттама берді.

1840-50 жылдары аралығында ботаник Л.И. Шренк Жетісу Алатауының солтүстік сілемдерінің бітімін сипаттай келіп, шоқының биіктігін барометрмен өлшеп, оның теңіз деңгейінен 4140 м (осы күнгі зерттеушілердің деректері бойынша – 4464 м) биіктікте жатқанын анықтады. Таудың биіктік белдеуінде өсетін өсімдік түрлерін, Тянь-Шань шыршасы таудың солтүстік жақ беткейінде 2470 м биіктікке дейін, арша–2550 м биіктікке дейін өсетінін, одан жоғарыдағы тау алқабында шалғын шөптер өсіп, 3700 м биіктіктен жоғары қарай мөңгі қар басып жататынын дәлелдеді.

Өсімдігін зерттеуде ботаник және географ А.Н. Краснов үлкен еңбек сіңірді. Оның экспедициясы Іле өзені алабындағы шөптің саздақты, құмайты, тастақты, сортаң түрлерінің бар екендігін анықтады.

1871 жылы инженер Фишер Іле өзенінің бойында Іле поселкесі мен Құлжа қаласының аралығында гидрографиялық барлау жұмыстарын жүргізіп, өзен жағаларының толық топографиялық және гидрографиялық сипаттамасын берді. Судың тереңдігін анықтады, кеме жүзетін арнаны белгілеп, Іле өзенінде кемеңгі тасымал жұмысын дамытуға мүмкін екенін дәлелдеді.

1856-1857 жылдары П.П. Семенов екінші рет Тянь-Шань тау жоталарын зерттей бастады. Тянь-Шаньда вулкандық құбылыс бар деп сол кезде ғылымда орын алған тұжырымға П.П. Семенов қарсы тұрып өз пікірін білдірді. Ғалым былай деп жазды: «Азиялықтардың вулкандық құбылыстар деп жүрген тұспалдарына ғалымдар сын көзімен әрі асқан сақтықпен қарауы керек, өйткені ол болжамдардың көпшілігі қазірдің өзінде-ақ негізсіз болып шығып отыр. Тағы бір ескертім: Жоңғар (Жетісу) өлкесі мен Тянь-Шаньды әбден аралап, көп нәрсені көкөйге түйген өз басым Азияның осынау бір бөлігінде вулкан бар дегенге үлкен күдіктемін. Қалай болған күнде де, аспанмен таласқан шоқыны көзімен көріп, қолымен ұстаған бірден-бір адам ретінде мен бұл вулкандардың бар екені ешбір күмән туғызбайтын шындық, тайға таңба басқандай анық дегенді мойындай алмаймын. Қалыптасқан пікірге, әлбетте кереғар болғанымен, бұл сапарда менің көзім анық жеткен осы маңызды ақиқаттардың бірі міне осындай».

Кейінірек өз ескертпелерінде осы мәселе төңірегінде сөз қозғай келіп, П.П. Семенов бұрыннан айтып жүрген пікірлерін былайша тиянақтайды: «Іле алқабындағы Қату жоталарында, сондай-ақ Мұзарт пен Зәуке тау асулары аралығындағы бүкіл Тянь-Шанның өң бойын қамти жүрген зерттеулерім А. Гумбольдтің Орта Азия тауларында вулкандық құбылыс бар деген болжамын тағы да жоққа шығарды». Семенов-Тянь-Шаньский география ғылымына Іле Алатауы, Жоңғар (Жетісу) Алатауы, Іле жазығы деген атауларды енгізеді. Балқаштың оңтүстік-шығысында ол оңтүстік-батысқа қарай созылып жатқан, «көз қарықтырадай... мөңгілік қар құрсауындағы» асқар таулардың тізбегін көріп, оны Жетісу Алатауы деп атады. Осы шоқылардан әрі қарай «төмен және ыстық» Іле өзенінің алқабы басталады. 1857-жылдары Іле және Жетісу Алатауын, Іле алқабындағы Қату тауын зерттеді. Ол әрқашан сәл-пәл мұнартып, көкшіл тартып тұратын Қату жотасынан мүсәтір мен күкірт тауып, өте мол таскөмір қабаттарының жер астында жанып жатқанын мәлімдеді.

Қазақ даласын басқа далалармен салыстырып (Ресейде кездесетін), ғалым оларды төрт түрге бөледі. Бірінші түрі қара топырақты және бірыңғай шөптесін

өсімдіктер өсетін ұлан-ғайыр ормансыз жазық жерлер. Тактайдай теп-тегіс болып келетін бұл далаларда ешбір адыр, қырат, жота не төбе көзге шалынбайды. Екінші түрі – Сібір даласы – Батыс Сібір ойпатының оңтүстік бөлігі – қара топырақты оңтүстік-орыс далаларымен оның ұқсастығы сол, мұнда да шөптесін өсімдік өте-мөте көп шығады әрі оның өсімдіктер дүниесі орыс даласыныкімен тектес болып келеді. Бірақ айтылмыш екі даланың бір-бірінен негізгі айырмашылығы мынада: Сібір далаларында керемет шабындық жерлер көп болғанымен, олардың ара-арасында жапырақты ағаштар (қайың, көктерек, ақтерек) жайқалған шоқ-шоқ тоғайлар жиі ұшырасады. Бір ғажабы: ол шоқ-шоқ тоғайлар сай-салаларға жасырынбай, ашық даланың өзінде өседі. Әдеттегі қара топырақты жерлердің қатарына қосылмағанымен, бұл жазық далаларының топырағы да құнарлы болып келеді. Далалардың үшінші түріне П.П. Семенов Барабаны жатқызады. Бұл далада ұлан-ғайыр әрі теп-тегіс жазық, шабындықтары мол, ойдым-ойдым шоқ-шоқ тоғайлар өсетін аймақ. Бараба даласының бір өзгешелігі – мұнда өзен жоқ, ал суы тұщы үлкенді-кішілі көлдері көп. Төртінші түр – қазақ даласы – мұнда орман деген атымен болмайды, бірақ шөптесін өсімдік өседі. Мұның басқа далалардан ерекшелігі: көз ұшында мұнартақан таулы-тасты қыраттар мен адырлар жиі ұшырасады әрі ағын су тым тапшы болып келеді. Семеновтың Қазақстанда жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижелері елдің өндіріс күштерін дамытуды көздейді. Мәселен, Іле өлкесінің табиғи аймақтарын суреттей келіп, автор табиғат жағдайлары мен адамның оларды пайдаланудағы іс-әрекетінің тығыз байланысты екенін атап көрсетеді.

Ш.Ш. Уәлиханов (1855-1859 ж) өз еңбектерінде Жетісу Алатауы, Іле өзені туралы көптеген қызықты деректер келтіреді. Өзендерді жалпы сипаттаумен қатар, Шоқан олардың геологиялық құрылымын, алқаптарының жаратылысын, ағу бағытын анықтап, климатын және өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сипаттап жазды. «Іле өзенінің орта ағысындағы жағалары көбіне құмайты, адырлы дөңесті болып келеді де, оларда бірен – саран дала өсімдіктері ғана өседі», – деп жазды Шоқан. Жетісу Алатауы мен Тянь-Шаньның биіктік белдеулерінде, оңтүстік Сібір мен қырғыз даласының таулы аймақтарына тән сүтқоректілер таралған. Шоқан бұл пікірін Жетісу Алатауымен Тянь-Шань тауларында да бұғы, тауешкі, арқар, қарақоныр және қызғылт түлкі, ақтөс сусар т.б. кездесетінін айтып дәлелдейді.

Шоқан Уәлиханов өзінің Құлжа қаласына барған алғашқы әйгілі сапарына 1856 жылы шыққаны белгілі. Ол Қапалдан шығып, Үйгентастың белінен өтіп, Аяқсазға барады. Міне, сол күннен бастап Шоқан күнделік жазуға кіріседі. Ол ара – қазіргі Панфилов ауданының ең негізгі бел жайлауы.

Аяқсаздан (Шоқан «Саз» деп қана алған) төмен күлдилап Борохудзир (Бурақожыр) өзені бойындағы алқаптан кеп шығады. Бурақожыр өзенінің әр тұста әр түрлі аталатынын дұрыс байқайды. Үйгентастың белінде Борохудзир аталған су Белбұлақ пен Жауырынбайлаған суы қосылғаннан кейін Китін, одан Қудың тауын аралай аққан тұста Қудың суы аталып, одан әрі Бурақожыр аталып кетеді. 2-тамызда Бурақожыр суынан өтіп, Өсек өзеніне келеді. «Шығыс Түркістан саяхат күнделігі» атты еңбегінде, Жаркент өңірін құмайты шөл, сарғайған сүреңсіз дала деп суреттеген. Шоқан өз жазбасында қазіргі өңірі таң қайыңмен көмкеріліп, жайқалған Өсек өзені туралы былай деп жазады: «Өсек өзенінің жағасында аялдауға ешбір лаж болмады. Шынында да айналаның бәрі құм мен тас, тым болмаса бір тал шөп болса да, тіпті, үй тіккендей таза орынның өзін төңіректі түгел барлап, қанша іздесекте таба алмадық», – дейді. Сол ардан олар, оңтүстік жақта жалтырап жатқан Ілені, одан беріде қарауытқан қаланы, оны қоршаған қалың ағашты көреді. Ол қарауытқан қалашық Бурақожыр Ілеге құятын жердегі Түргенкент екен. Ол Түргенкент қазір жоқ, Панфилов пен Көкталдың арасында қираған қорғаны ғана жатыр. Қираған қорғанның қалыңдығы 1-1,5 метрдей. Жергілікті жұрт ол араны әлі де Түрген деп атайды, бірақ Түргенкент демей, Түргеннің тоғайы дейді.

Ал үшінші тамыз күні Шоқан Уәлиханов керуені Өсектен өткеннен кейін, тау сағалай жүріп Бұрқан өзенінің бойына түнеген. Оң жақта қалған сібе зәңгісі тұратын Тышқан қаласы мен Жаркент қаласына соқпай өтіп, Ақкент деген жерге жетеді. Келесі күні бөктер жолмен төтелей тартып Қорғас жағасына қарай бет алған. Сонда Жаркентте, Тыған да (Шыған) жолаушының оң қол жағында қалып, отырады. Ол – Шоқанның сол сапарында өз қолымен сызған бағыт – картасы. Ол осы кітаптің 392 бетінде: «Маршрут Ч. Валиханова при поездке Кульджу» деп берілген. Картада өзімізге таныс жер-су, елді мекен аттары, тайға таңба басқандай, ап-анық жазылып қойылған. Олар: Аралтөбе, Югенташ, Коңур-Улең, Бурақожыр, Усек, Бурхан, Тыған, т.б. кете береді. Сөз арасында айту қажет: Жаркент өңірінде тарихшы-археологтар назар салып, зерттеуге лайық ескерткіштер жоқ емес. Кезінде дүбірлі тірлік ордасы болған, бірақ өткен заманда сахнасында тоқтаусыз болып келген шапқыншылық салдарынан жойылып кеткен Алмалық, Ақкент, Түргенкент, Шыған сияқты қалалар болған. Бұл жер ежелгі Үйсін тайпасының жері. Тастағы аңдар, аңшылар бейнесі, садақ тартқан жауынгер, тіпті зәулім биікке жерленген Үйсін жауынгерлерінің мәйітінен (бейіті), табылған көне қару-жарақтар бәрі, бәрі Үйсін тайпасының осы жерде мекендегенін айғақтайды.

Шоқан Уәлиханов жинастырып, ғылыми мекемелерге тапсырған зоологиялық, геологиялық, нумизматтық (ескі ақша, медальдарды зерттеу) және басқа коллекцияларды іздестіріп табу ісі өзінше ойғағдай нәтиже бермей отыр. Ал көптеген ғалымдар ондай материалдардың бар екенін

дәлелдейді. Мысалы, И.В. Мушкетов былай деп жазған-ды: «Ш.Ш. Уәлиханов Жаркент маңындағы Міржай тауларынан және Қарақас өзенінің бойынан нефрит түйірлерін, болор яшмасын, мраморын, хрусталін, Керия өзенінің құм арасындағы алтын түйіршіктерін жинаған». Өкінішке орай, сол бір сирек кездесетін коллекциялар қолға түспей жоғалып кеткен.

В.В. Сапожников 1902 – 1904 жылдары Жетісу Алатауын зерттеп, Жаркент қаласында болды. Қорғас өзені алқабындағы мұздықтарды аралап, өзендердің бастау сағаларында өзі ашқан мұздықтар жайында деректер келтірді. Табиғи географиялық жағдайларын толық баяндап жазды, жолай кездескен өсімдіктерге сипаттама берді. Жетісу Алатауы өзара қапталдас жатқан негізгі екі тау тізбегінен тұрады. Солтүстік және оңтүстік болып екіге жарылатын осы жоталардың арасын тау тізбектерін бойлай бір-біріне қарама-қарсы ағатын Көксу және Боротал өзендерінің алқаптары бөліп жатыр. Жаңағы айтқан негізгі тау тізбегі солтүстік Тянь-Шань тауларына тән бағытта, яғни батыс пен оңтүстік-батыстан шығыс пен солтүстік-шығысқа қарай созылып жатыр. Тау тізбектерінің, әсіресе солтүстік қапталының батыс сілемі бірден солтүстік-батыс жаққа бұрылады да, қыр арқасы оңтүстікке қараған қос иін пайда болады. Солтүстік беткейдің солтүстік тізбегіне қапталдаса ілгері ұмтыла біткен тағы екі тізбек бар. Бұл екеуінің ортасында және негізгі тізбекпен екі аралығында биік қырат бар. Автор Көксу мен Боротал өзендерінің алқаптары тектоникалық жолмен пайда болған деп топшылайды.

1905-1909 жылдары атақты геолог В.А. Обручев Жетісу өлкесінің шекаралас аудандарында болды. Үш жаз бойы сапарында ғалым Жетісу өлкесінің геологиясы мен тектоникасына байланысты аса маңызды мәселелерді шешу үшін толық, әрі жеткілікті материал жинады. Зерттеушінің бақылауы бойынша, Жетісу өлкесінде опырмалы тектоника ерекше орын алды; мұнда көтерілуі бор дәуірінің аяғында және үштік дәуірдің басында пайда болғанға ұқсайды. Шекаралас Жетісу жерінде тектоникалық жарылыстар салдарынан ұзындығы мен ені әр түрлі бөліктерге бөлініп кетті де, олардың бірі жоғары, бірі төмен түскен әр түрлі биіктікке орналасқанын дәлелдеді.

1906 жылы белгілі геолог А.К. Мейстер Жетісу Алатауын геологиялық жағынан сипаттап, тектоникалық қозғалысқа сипаттама бере отырып, қатпарлы – жақпарлы тау екенін анықтады. Жетісу Алатауының көтерілу жасын зерттеуші үштік дәуірдің (нәген) екінші жартысына жатқызды.

Я.И. Корольковтың зерттеулерін атап көрсеткен жөн. Ол Тышқан өзенінің жоғары сағасындағы Жаркент қаласының маңындағы өзендердің аңғарларындағы мұздықтардың төрт тобын суреттеп жазды.

Канипа УСПАНОВА,
Ә. Қастеев атындағы орта мектептің география пән мұғалімі.

(Басы 1-бетте)

ОРЫСТЫҢ ОТАРЛАУЫ МЕН ҚЫТАЙДЫҢ

Заманында Әжібек қажы генерал Колпаковскиймен өте жақын араласқанын жоғарыда айтып өттім. Содан, 1881 жылғы Петербург келісімінен кейін генерал Құлжа қаласын тастап шығады, сонда онымен бірге Қытай билігінен сескенген Әжібек те Қорғастан бері өтерде, Қызайға билік еткен Рабат төренің қарындасын алып қашып келеді. Міне, осы Рабат төренің қарындасынан туған үлкен ұлдың есімі – Бексұлтан, одан кейінгі кішісі Әбдрахымға нағашысының құрметіне «төре» деген есімді қосып беріп, бүкіл Суан «Әбдрахым төре» атап кеткен екен.

Өсіп-өніп екі үлкен аймақта тұратын – Бәйтүгей, Тоғарыстан болып бөлінетін Суан еліне, шамамен XIX ғасырдың екінші жартысының соңында атақтары аумаққа мәлім Стамшал мен Мұқа болыстар билік жүргізген екен.

Жасынан алғыр, зерек болып өскен Мұқа 16 жасында аталған Суанның Бәйтүгей атасынан таралған ұрпақтарға, шамамен 1898 жылдары болыс болып сайланады. Тоғарыстан жұрты – Стамшал болыстың еншісіне тиеді. Арада айбарынан дүйім ел қаймығатын Мұқаның өзі де түрмеге қамалып шыққан деген деректер бар. Енді біздегі қолда бар естеліктер бойынша ол оқиға мынадай болған сынайлы...

Әтікей өзім атым, затым Қойке, Қойкеден жақын болған қу берденке. Жабылып қытай, сібе, қалың кержақ, Атысып қыла алмаған ол да ештеңке! – деп, өз өмірін өлеңмен өрнектеп кеткен әйгілі Мұқаның аталас туысы өзі ақынжанды, өзі мерген, өзі жаужүрек Әтіке батырмен байланыстырады.

Ол бүкіл Жетісудың Суан, Қызай, Найман, Жалайыры ардақтап төбесіне көтерген, елінің, жерінің намысы үшін атқа қонып, ұлтының кегін қуған қаһарман тұлға. Тап сол бір алмағайып дәуірде қазаққа қорлық көрсетіп, тізесі батқан – орыс, қытай, сібе-салаң, қалмақтарға қырғидай тиген әруақты батыр Әтікей Қазақбайұлы туралы жазылған Ғабдулла Балабекұлы Байнәсеровтың «Әтікей батыр» атты кітабында бұл уақиға мынадай болып суреттеледі:


«Қазақбайдың баласы Әтікей батыр бала кезінде аталас туысы менің атам Байнәсердің қолында болыпты. Әтікей Байнәсердің ұлы Отарбекпен құрдас екен... Бірде Әтікей Байнәсер атама келіп:

– Ата, маған Отарбекті қосып беріңіз, Сатай Тұрдыны өлтірген қытайдағы сібе Мыңамбыдан кек алып қайтамыз, – дейді.

Сөйтіп, Отарбек Әтікей тобымен бірге кетеді. Егінге су ұстап жатқан мезгіл екен, астында көк жорға аты, мойнына асынған қылышы бар Мыңамбының өзі айдың жарығымен жұмысшыларына су ұстатып жүрсе керек. Әтікей ертіп барған адамдарын бір өзекке қалдырып, өзі жалғыз қалың шидің арасымен құлақ басына барып арықтағы суды басқа жаққа бұрып жіберіп, Мыңамбының келуін күтіп жасырынып жатады. Бір кезде көк жорға атпен Мыңамбы келіп, аттан түсе қалып, суды бұрғалы жатқанда тарпа бас салып, қанжармен кеңірдектен бауыздап жібереді. Ай сүттей жарық екен, Мыңамбының кеңірдегінен аққан қан аспанға шашып жатты дейді. Сол кезде Әтікей:

– Тұрды ағамның кегі үшін!, – деп, шашып жатқан қаннан ұрттап жұттып жіберді дейді.

Көк жорға атты жетелеп, сібенің мойнындағы қылышын алып, Әтікей ауылға келеді. Көк жорға атты Байнәсер атама, қылышты Мұқа болысқа байлайды. ...Қылышты Мұқа болыс ұстап жүріпті. Әтіке қайтыс болғаннан кейін, сібелер Мұқа ұстап жүрген қылышты танып, Жаркент үйезінің бастығына:



– Мыңамбыны өлтірген Мұқа, айғағымыз бар, – деп арызданады.

Сөйтсе, қылыштың сабының ішінде Мыңамбының аты жазылып, мөрі басылған қағаз бар екен. Айғақ дәлелденіп, Мұқа істі болып, Қарағандыға жер аударылған екен. Үш жыл Орта жүз туыстарының арасында болып, ол жердегі дау-дамайды шешуге араласып, әділдігімен Орта жүз елінің құрметіне ие болыпты. Жер аударылған мерзімі аяқталғанда, алдына мал салып, құрметпен шығарып салыпты. 1910 жылы елге оралып, қайта болыс болған екен». (Ғ.Б. Байнәсеров, «Әтікей батыр» кітабы, «Асыл кітап» баспасы, 2014. 2-3 беттер.)

Осы жерде сәл шегініс жасап, Мұқа болыстың большевиктер келмей тұрған кездегі өмірінен біршама мәліметтер беріп өтейік:

Ел аузындағы естеліктер бойынша Мұқа 16 жасынан болыс болған деген деректер жиі қайталаынады. Демек, Мұқа болыстың туған жылы шамамен 1882 жылға (осы дерекпен) тура келеді екен. Әрине, әлі де толықтай зерттеп, зерделеу қажет. Ал, «Болыстық» сөзінің мағынасына тоқталар болсақ – қазақ жерін патшалық Ресейдің күштеп отарлауы заманындағы жаңадан енгізілген аумақтық әкімшілік бөлінісі, ол уездің басшылығына бағынышты әкімшілік аймақ болып табылатын. Бұл территориялық аумақтың құрылу мақсаты – Ресей империясының қазақ даласындағы хандық билігін жоюмен қатар отарлық билікті күшейту мақсатында ойластырылған ең тиімді тәсіл еді.

Сол кезеңдегі жаңа қабылданған жарғы бойынша бір ауыл – 50-70 түтіннен, бір болыстық – 10-15 ауылдан, ал әр уездің құрамы – 15-20 болыстықтан құрылды. Сонымен қатар патша үкіметі 1867-1868 жылдары жүргізген реформаға сәйкес болыстардың құрамына әрқайсысы 100-200 түтіннен тұратын шаруашылық ауылдар кірді. Мұндай ауылдардың саны 1000 түтіннен 3000 түтінге дейін барды. Болыстардың бәрінде әкімшілік аймаққа жататындықтан өзіндік шекарасы бекітіліп, құрамындағы халық бұл ережелерді қатаң түрде сақтап отырды.

Ал, Мұқа болса дәл сол уақытта Суан қазақтары арасындағы ең беделді де сауатты болыстардың бірі болды. Мәселен, сонау XX ғасыр басындағы санаулы ғана зиялылар қатарына жататын, кезінде Казан университетінің малдәрігерлік факультетін бітірген қазақтың білімді азаматтарының бірі Түбек Атаұытовтың (Тұрар Рысқұловтың қайын атасы) 1914-1916-жылдары Жаркент қаласында уездік мал дәрігері болып тұрған шағында жергілікті Мұқа болыспен үлкен сыйластық қарым-қатынас жасап, жақсы араласқандығы жайында да деректер айтылады.

Ол өзінің өжеттігі мен ақылдылығы, айлакерлігінің арқасында Жаркент уезінде ғана емес, Жетісу губерниясында да беделі үстем болып, көзі тірісінде орыс бодандығына еш бағынбаған жан. Қала әкімшілігімен жақсы қарым-қатынаста болған Мұқа болыс Жаркент медресесінде қазақ балаларының оқып, білім алуына мейілінше ықпал етіп, ұдайы қаржы және мал жағынан қолдау көрсетіп отырған. Сөйтіп, қажет кезінде Мұқа генерал-губернатормен, басқа да билік өкілдерімен тіл табысып, дербес өз саясатын жүргізе білді.

XX ғасырдың басындағы 1913-1916 жылдары Жаркент өңіріндегі - Бұрхан, Көктал, Талды, Тышқан, Шежін, Сарыбел сияқты түгін тартса майы шығатын шұрайлы жерлерге көшіп келуші қазақ-орыстар легінің қарасы жылдан-жылға артып, көбейіп, түбегейлі орнығып ие болып қалудың қамын жасайды. Отаршылдықтың озбыр саясатын жүзеге асыру ісі Ресей тарапынан ашықтан-ашық жүргізіліп күшейген кез. Мәселен, Ташкенттегі генерал-губернатор Куропаткин тартып алынған жердің барлығын казак-орыстарға алып беру жөнінде арнайы бұйрық шығарады. Ол пәрмен бойынша Жаркент уезіндегі 4574 шаруашылықтың қоластындағы жерді түгелге жуық жергілікті тұрғындардан күштеп тартып алып, өздерін ешқандай келісімсіз Нарын өлкесіне кешіріп, жер аударуды жоспарлайды.

Дегенмен, дәл осы кезеңде Ресейдің отарлау саясатына арқа сүйіп Жаркент өңірінің шұрайлы жерлерін тартып алуға ішкі Ресейден жер аударылып

келіп қоныстанып жатқан келімсектерге жергілікті қазақтар тегеурінді қарсылық көрсетті. Міне, осынау алмағайып дүрбелеңде жер-суына, шабындық-жайлауына шеттен келіп қоныстанған отаршыларға қарулы түрде қарсылық көрсеткен жергілікті Суандарда Мұқа басшылық жасаған Сатай болыстығының алар орны ерекше.

Алайда, болыс атамның ел басқару ісінде әбден шыңдалған шағындағы өмірінің айтулы кезеңдерінің тағы бірі – 1916-жылғы Қарақара көтерілісіне жақтасып, қарамағына жергілікті қазақтардан қол жинап патша жарлығына қасқайып қарсы тұруы. Бұл көтеріліс 1916 жылғы қазақтан І-ші Дүниежүзілік соғыстағы тыл жұмыстарына ер азаматтарды әскерге алу туралы әйгілі «Июнь жарлығынан» басталды. Осынау оңтайлы жағдайды қару асынған барлық казак-орыс мүмкіндігінше қалт жібермеуге тырысты, сөйтіп көтерілісті бетке ұстап өздеріне мал-мүліктен барынша пайда түсіруге ұмтылды.

Себебі, Жетісу губернаторы 1916-жылғы қазанның айының 21-і күнгі жарлығымен «Облыстың бейбіт тұрғындарының бүліктен шеккен барлық шығынын тек қана бүлікшілердің кәмпескеленген дүние-мүлкін, малын, үйлерін, қыстауларын, егістіктерін, шебін, ағаш материалдарын, т. б. сатудан түскен ақшамен орнын толтыруды» жоғарғы билікке ұсынып дәлел-дәйегімен бекіттірген болатын. Демек, осы жарлықтың аясында «кеңшілік жасалып», кез-келген қулақтың, орыс-қазақтың қазақтарды тонап, оларды өлтіргені үшін ешқандай да жазаға тартылмайтындығы айдан анық көрініп тұрды.

Жарлықтың аты – жарлық, жан-жаққа шабармандар жіберіліп, ақ патшаның пәрмені барлық болыстарға генерал-губернатордың көмекшілері арқылы жедел түрде хабарланып жатты. Осынау ел басына күн туған шақта, ел бірлігін ойлаған Мұқа болыстың үзілді-кесілді қарсы шығып: «Соғысқа бала бермейміз!» дегені көптің көкейінен шықты.

Осы бір аталы сөзі үшін, бұрыннан да ел ішінде беделі зор Мұқаға Жаркент өңірінің қарулы қазақтарының көпшілігі еріп, оны қолбасшы дәрежесіне дейін көтереді. Сол үшін де көнекөз қарияларымыздың атадан балаға мұрадай болып айтылып жүрген аңыз-әңгімелерінде: «...Оны патшаға әскер бермеу туралы ұраншылардың бірі, әрі әскер жинап қарсылық көрсеткен Суан көтерілісінің басшысы еді» деп те дәріптейді.

Халықтың наһақтан қырылып қалмауының амал-айласын ойластырған Мұқа қай кезде болмасын әрі патша әскерлерімен жөнсіз қақтығыстарға бармаған. Оған мына бір оқиға дәлел бола алады:

«...Мәселен, жерін зорлықпен тартып алып, өздеріне ұрып-соғып, зәбір көрсеткен казак-орыстардың жаңа қоныстарына түнделетіп барып, тұлыптарға толтырылған малдың қанын үйлердің қабырғаларына шашып сес көрсеткен. Қанды көріп қатты сескенген орыс мұжықтары бұның бәрін жаман ырымға балап, тартып алған жерін тастап, бір күннің ішінде жиналып көшіп кеткен. Мінекей, Сатай болыстығының жаз жайлауын тартып алған қарулы казак-орыстарды бір оқ шығармай, адам шығынынсыз Мұқа болыс өстіп өзінің айлакерлігінің, ақылдылығының арқасында олардың бір-ақ күнде көшіп кетулеріне мәжбүр еткен».

Және де күн-түн демей өз болысына қарасты атқамінер жігіттерді қаруландырып, қашан да жерін, елін қорғауға даяр ұстап, сақадай-сай отырған.

Жазба мәліметтерге қарасақ сол бір

ҚҰРСАУЫНА БАҒЫНБАҒАН МҰҚА БОЛЫС

Мына бір Патшалық Ресей кезіндегі архив құжатында Мухамеджан Ажибеков 1898 – 1900 жылдары Жаркент уезінің Бәйтүгей ұрпақтарының болысы болғандығын көреміз (тізім бойынша екінші түр).

на избраніе *Байтүгейской* волостного управителя и кандидата к нему, Джаркентского уезда, на трехлѣтіе 1898—1900 г.г.

15 *Мамы 1898* г. *р. Бурханов*

№ в списку	ИМЯ И ФАМИЛИЯ	Число дѣт.	Побратимы-казак шурцы	Не побратимы-казак шурцы	Примѣчаніе
1	<i>Волостной Чаркентский</i> <i>Ариштанов Ажибеков</i>	31	15	9	<i>Волостной Чаркентский</i>
	<i>Кондугат</i> <i>Дуриш Бетемиев</i>	37	16	8	
2	<i>Волостной Чаркентский</i> <i>Мухамеджанов Ажибеков</i>	28	9	15	<i>Волостной Чаркентский</i>
	<i>Кондугат</i> <i>Мамашев Нарбеков</i>	37	8	16	
	<i>Мамашев Нарбеков</i>	40	10	14	
	<i>Есенбеков Бетемиев</i>	50	7	17	

Волостной Чаркентский
Ариштанов Ажибеков
Кондугат
Дуриш Бетемиев
Волостной Чаркентский
Мухамеджанов Ажибеков
Кондугат
Мамашев Нарбеков
Мамашев Нарбеков
Есенбеков Бетемиев

аласапыран кезеңдегі Жетісу аймағында ұзын саны 89 болыс болған болса, соның ішінде Жаркент уезінің қарамағындағы бұқараның жалпы саны 20 болыс ел. Оның 6-уы Суан руының ұрпақтары болса, қалған 14-болыстық Албан руының қазақтары еді. Сонау, 1916-жылдың 1-қаңтарындағы мәлімет бойынша аталмыш 20 болыстығыңыз – 17 712 түтіннен тұрса, көтерілістен кейінгі жазалаушы отрядтың қанды қырғынынан кейінгі қазақтардың түтін саны – 2 995-ке кеміген.

Мұндай қанды қол, бақайшығына дейін қаруланған патша әскеріне қарсы тұрар күш қайда?... Енді Мұқа болыс өзіне қарасты алты болыс Суанның қадірменді ақсақалдары мен билерін жинап отаршылдыққа қарсы күрестің жаңа әдісіне көшеді. Ол барлық Жетісу қазақтарына үндеу тастап, қазақ халқының мүддесін қорғайтын жаңа құрылған Алашорда өкіметін қолдауға шақырады. Онымен ниеттес болған жерлесі Метербай болыс та Алашордаға қазақтан әскер жинауға зор ықпал еткен.

Алаш өкіметі үшін қолда бар қаржы, мал және әскерге жарамды ат құлағында ойнайтын, жүректі жігіттермен де қамтамасыз етуге көшіп, үлкен қолдау көрсетеді. Сөйтіп, 1917 жылы Қапалға келген Алашорда өкіметінің арнайы өкілін Алтынемел асуында құрметпен қабылдайды. Жаңа ұлттық өкіметтің құрылғанымен құттықтап, 40 өгіз сойып ұлан-асыр той жасатады. Жаңа құрылған үкіметті «Қазақтың нағыз ұлттық өкіметі» деп таныған Мұқа болыс бұдан кейінгі іс-әрекетінің бәрінде төл ұлтының мемлекеттік құрылымы аталған Алашорда өкіметінің дамуы мен өркендеу жолына арнайды.

Жергілікті патшалық биліктің тас-талқан болып ақтардың шекара асуымен құлаған соң, өкіметтің қожалығы қызылдарға (большевиктерге) өтеді. Ал, Алашорданы Кеңестік биліктің қас жауы болғандығын тарихтан білеміз. Сол үшін де Алаш идеясына адалдығын сақтап, ұлттың дербестігі жолынан таймаған

болыс ағамыз Кеңестік қызыл большевиктермен соғысып, көп шығынға ұшыратқан, күш тең емес болғасын кейін амалсыз жеңілді.

Ендігі жерде жаңа үкімет тарапынан жаппай қудалаудың болатынын алдынала сезген Мұқа болыс өз жақтастарымен Қытай асып кетеді. Қызылдардың қырғынынан әуірімдеп аман қалып, соңынан ерген ел-жұртына ол жақта да қорған болған. Шекараның арғы бетіндегі Қытай билігінің тілін тауып қоныс ауып барған қазақтарға шөбі шүйгін жайлау, құнарлы егістік жер тауып берумен қатар, олардың ұрпағының жойылып кету қаупінен аман сақтап қалуды көздеген игі шараларды ұйымдастырушы тұлға.

Алайда, Кеңес үкіметі орнағаннан кейін он жыл өтер өтпестен 1927 -жылдан басталған голощекиндік жазалау саясатынан кесірінен, Жаркент өлкесінің қазақтары тағы да Қытай асуға мәжбүр болады. Оған қосымша, Қазақстандағы ірі байлардың шаруашылықтарын тәркілеу науқаны 1928 жылдан басталды. И.В. Сталин 1929 жылы сәуірдегі өткен БК(б)П ОК мен Орталық бақылау комиссиясының пленумында «кедей – жұмысшы табының тірегі, орташа шаруа – одақтасы, кулак – тап жауы» деген тұжырымдаманы ұсынды. Сөйтіп, бай-кулақтарды «тап жауы» ретінде жою күн тәртібіне қойылып, ел басына қаралы түнек орнады.

Сонымен, большевиктік Кеңес үкіметі бүкіл қазақ жеріндегі ауқаттылардың бар байлықтарын күшпен тартып алуға көшті. Қарсыласқандарды «банды», «кулак» деп атты, асты, қалғанын жер аударды. Жаркент өңіріндегі бай деп есептелген ауқатты адамдар түгелге жуық кәмпескеленіп шеттерінен сотталды. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген Голощекиннің ұрда-жық солақай саясатынан жан мен малы талауға түскен қазақтар енді амалсыз тағы да Қытай жеріне барып жан сауғалайды. Мұндай жағдайда амалдың

жоғынан азып-тозған көптеген босқын қазақтар Мұқа болысты медеу тұтып, көпшілігі соны барып паналаған екен.

Іштегі ыза-кек жанға маза бермеген соң қазақтың жаужүрек жігіттерінен жасақ құрап, дүркін-дүркін шекара бұзып өз малдарын арғы бетке бұлар да күшпен тартып әкетіп отырған. Және ол жаңағы жасағының бір бөлігіндегі барымташы жігіттерін Советке, Қытайдың ішкері жағына, қалмақтар отырған жаққа жіберіп үйір-үйір жылқыларды айдапты алдырады. Бұл жерде ол кісіні ұры деп түсінбеу керек. Дегенмен, болыс бұл әрекеттің бәрін ел-жұртының игілігіне жұмсап азаматтық танытты. Және оның барымталап мал алуы ел-жұрттың амандығы үшінгі қажеттіліктен туындағын оңды әрекет еді.

Ал, қызылдардың комотрядының талай мәрте тартып алған малдан басқа - еңкейген қариялар, ақ жаулықты әжелер, қыз-келін мен еңбектеген балашағаға дейін пулеметпен қойша қырған жауыздығының қасында оның бұл ісі теңізге құйған тамшыдай десе де болар...

Содан, әкелінген малдардың ішіндегі бесті жылқыларды іріктеп алып құйрығын кестіріп, шекара асып келген қазақтарға бөліп-бөліп беріп қойып бақтырады. Жылқылардың саны 40-қа толғанда осы аймақтағы қытайдың билеушісі Чың Сайға апарып береді. Ол кезде Қытайдың шығысындағы Сандүн аралын ағылшындар, бір бөлігін жапондар, манчжурлар т.б. басып алып, тоз-тозы шығып жатқан болатын. Қытайдың өз билігі тек орталығында ғана болып, оның ішінде солтүстігінде Мао Цзе Дун бастаған коммунистік «күнсандан», ал, оңтүстігінде Сун Ят Сен басшылық еткен «гоминдан» деп екі партияға бөлініп өзара қырқысып жатқан кезең еді. Демек, осынау ел билігіндегі алауыздықты шебер пайдаланған Мұқа болыс гоминдан партиясын жақтаушы, өңір билеушісі Чың Саймен жақсы қарым-қатынас орнатады. Сол қарым-қатынастың, мәмілегерліктің арқасында азып-тозып жеткен ел-жұртына қамқор болып, ішер

шығады, тау етегінде жекеменшік қыстаулары болды. Баршылықта өмір сүріп, тіршіліктерін жасады. Сөзімізге тұздық болар тағы бір дәйек:

– Арғы беттегі Шетбұлақ деген жерден бір жоға ассаңыз арғы жағында Қоралы Сай деген сай бар, оны Ортабұлақ деп атайды. Сол Ортабұлақтың кішкене сай бөлініп шығады, соны бойлап жүре берсеңіз жоғары жағы тұйықталып Қора деп аталады. Сол Қоралы сайда Мұқа болыстың жылқылары толып тұратын-ды. Сол малдың бәрін болыс ағамыз қайғы мен қасірет шекен қазағының еңесін көтеруге, елдің тыныш өмір сүруі үшін қажетті - жайлау, қыстау, тұрақтайтын мекен алып беруге жұмсаған.

Сондай бір ел басына күн туған зар заманда қазақ арып-ашып, мал-жаннан айырылды. Міне, сондағы Мұқа болыстың қайраткерлігі, ұлтжандылығы «елім-айлап» шекара асып, жат жұртқа табан тіреген бауырларына арыстандай айбарымен қорған, пана болған есіл ер!

Қазақтың дербестігін аңсаған, Алашордашы ұлт қайраткерлерін Алтынемелде ақ үй тігіп, дастархан жайып, құрметпен қарсы алған болыс, Кеңес өкіметінің бітіспес қас жауы еді. Сол үшін де Мұқа болыстың есімі мұражай сөресінде шаң басып, әлі күнге дейін айтылмай, дәріптелмей келеді.

Кейін, Советтің көмегімен жеңіске жеткен коммунистер гоминдандықтарды бұл өңірден қуып шығады. Коммунистердің қолдауымен билікке келіп аймақ билеушісі болған Чың Дуанның Мұқа болысты советке ұстап бергендігін де ауыл ақсақалдарының ауызекі естеліктерінен естідік.

Содан не керек, арғы беттегі бүкіл Суан мен Шеруге болыс болып, советтен жансауғалап барған қазақтардың ол жаққа табан тіреп орналасуына, шаруасын түзеп, еркін жүріп тұруына, өсіп-өнуіне көп еңбек сіңірген елжанды тұлғамыздың қазасы әлі күнге дейін жұмбақ күйде қалып отыр. Ол қанша қасірет көрсе де Жетісу өлкесінің қайсар рухты, арда ұлы санатында танылып, тіршілігінде қытай



ас, киер киім, ірілі-ұсақты малмен, жермен де барынша қамтамасыз етіп отырды. Өзінің аймағындағы халқын сол жердің ілгеріден тұрып жатқан тұрғындарының талауына бермей, қорлық-зомбылықтан қорғады.

Мінекей, мұндағы елінің келешегін ойлай білген сұңғыла болыстың негізгі мақсаты: Советтің қырғынынан жансауғалап шекара асып келген қазақ бауырларын Қорғастан бастап Сайрам көл, Нылқыға дейінгі және Жетісу Алатауының оңтүстігіндегі таулы аумаққа қоныстандыру болды. Нақтырақ айтсақ, сол маңайда отырған – маңғұл, сібе, солаң, қалмақтарды ығыстырып қазаққа жер алып беріп отырған.

Мысалы, Мұқа болыстың осындай қамқорлық шарапатының арқасында көптеген жерлестері емін-еркін орнығып, шаруаларын дөңгелетті. Жазда жайлауға

мен орыстың отаршылдық езгісіне бас имеді. Тіршілігінде есімі аңызға айналған осынау тау тұлға туған халқының жүрек төрінен ойып тұрып орын алып, ұрпақ жадында ел ақсақалдарының қайталанбас бірегейі ретінде мәңгілік сақталып қалды.

Мұқаның балалары – Мұхтархан, Молдаш, Мұсахан атты үш ұл. Үлкен ұлы Мұхтархан Үрімжіде оқыған қытай тілін білетін өте сауатты еді. Қытайдан бері өткенде, 1962 жылдары Молдаш осы Жаркент өңірінде қалып, Мұсахан және Мұқаның інісі Мұстафаның ұрпақтары Талдықорған жақтағы Қоңыр деген жерге барып орналасқан, қазіргі таңда өсіп-өніп бір қауым ел болып отырған жайы бар...

Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ,
«Жауынгерлік Даңқ»
музейінің меңгерушісі,
Жаркент қаласы.

(Басы 1-бетте)

Су бойындағы түзендеу жерге түсіріп, епекті қимылымен текенің терісін сыпырып алды. Ішін жарып, бауыры мен жүрегін тіліп қанын ағызып, жуып, жапыраққа орап шетке қойды. Семіз текенің тоқ ішегінен ұзындау етіп кесіп, жуып жіберіп, шажырқайын сыпырып алып оны да жапыраққа орап алды. Өзектегі ағып жатқан суды көлденендігі таспен бөгеді. Ішек-қарнын алып тастаған еліктің бүтін егін тоспадағы суға көмілдіріп салып, қойбас тастармен бастырып қойды. Аңшылардың бұрыннан жасап жүрген әдісіне салды. Аңның еті біріншіден қан-жыннан тазаланып ақжөндеді, әрі шыбын отыра алмайды, құрттамайды. Айналасында шашылып жатқан бұтақтарды жинап жіберіп сындырып бытырлата ұсақтап, шырпылап, оның астына қураған мұктың үлгіледігін салып от тұтатты. Көп күндерден бері сыртынан көріп жүрген аңды атып алып көңілі жайланғаннан кейін кеше кешкілік ішкен астан соң нәр сызбағанын енді ғана аузына қарасу құйылғаннан білді. Үйінен бір қараңғы бір жарықта шығып осы араға жеткен еді, енді міне, күн көзі биік тау қыратынан асып шатқалға да түсе бастады. Шоктанған отқа еліктің сылып алған бауырын тілімдеп, белдігінен тастамай жүретін шағын дорбасынан алып бір шымшым тұз сеуіп, қақтауға тастады. Бұтақтың қызуы қойсын ба, бауырдың қан-суын шыжылдатып кептіріп демде пісіріп жіберді. Жас аңның қызылына әлденіп, таудың мұздай бұлағынан шөлін қандырып алды. Суға ұрындырып, тасқа бастырып қойған еліктің етін судан шығарып төсің, қолтық етін сөгіп қарағайдың бұтағына артық сирағынан тіліп, іліп тастады. Сорғығанша біраз уақыт күтіп отыруға тура келді. Өлден соң жанында жатқан аңға шыққанда үнемі арқасынан тастамайтын былғары қаптың орауын жазды. Жайғанда киіз үйдің түңлігінің жартысындай болатын текенің терісін әкелді. Теріге жұққан шөп-шалалмен қан-жынды пышақпен сылып мұқият тазалады. Айналасындағы ат құлағы көрінбейтін сорайған, жайылып өскен балдырғанның жапырағынан үзіп алып суға шайып жіберіп терінің үстіне жайды. Сорғыған текенің етін көтеріп әкеліп теріге тастады. Бүтін еттің екі-үш жерін пышақпен осып-осып жіберіп үйренген жөнімен демде боршалады. Жайылып түскен еттің арасына тоқ ішек, шажырқайды қосып, балдырғанның жалпақ жапырақтарына ұзыншақтап орады да терісімен бірге пұшпақ-пұшағынан қысып байлап қабына салды. Жартылай боршаланып, ұзыншақтап қапқа салынған аңның еті көтеріп жүруге ыңғайлы әрі былғары қаптан үстіне қан жұқпайды. Еліктің өз терісіне оралып салынған еттің де салмағы баршылық. Мұндай жүктің талайын тасып жүрген Жоламан үшін бұл үйреншікті жағдай еді. Қонысқа дейін біршама жер бар. Қарағайы тұтаса өскен қалыңдығын ішімен жоғары көтеріліп, көлденендеп көтеріліп қорым кешіп алдын кескестеген қереге жартасты айналып өтіп, тау қырына бір шығып алса одан әрі жеңілдеу, ылдыйлай береді.

ОРМАНДАҒЫ ОЙРАН

(хикаят)



дерті не болғанын ойлап арқасына батқан салмақты жүкті де ұмыттырып жіберді. Салынған үйдің төңірегін мал таптамасын деп қоршаған қараның жанына келгенінде басы еңіске қарай шалқалап сұлқ түсіп жатқан әкесін көрді.

Зенгір таулар қоршаған, тұтаса өскен қарағайлар арасындағы тепсеңдегі тізеден өскен жасыл шалғын ішінде жараланып, өліммен арпалысып, жанары сөнген таяған қарияның есі кіресілі-шығасылы. «О, төңірін ұлымды сақтай көр, артымда қалар жалғызымды сақта. Ұлымды мына қанышарлардан аман алып қала гөр. Жалғызым, жарығым келгенше мен олардың кім екенін айтып кетпей алмеуім керек» деген ой санасын қармап жатты. Тұла бойын қан жауып, қимылсыз денесі еркіне бағына қоймады. Санасында тек үміттің сәулесі ғана ояу еді.

«Балам сендерден кегімді қайтарарсың. Ұлының кекшілі екендігіне сенімді еді. Ұзақ ғұмырында талай зобалаң қиындықты төзімділіпен басынан өткізген жасы алпыстың ортасына келіп, қонысында жүріп қанды қол қарақшылардың сокқысынан беті бері қарамастай болып о дүниеге аттанар күйде жатса да «баламды көріп өлем» деген сенімін жоғалтпады. «Ұлым келгенше шыдауым керек, оның өмірін сақтап қалуға тиісің. Кімдер екенін айтып өлуім керек» деген ой жанын тәнінен үзбей ұстап тұрды. Қария сүйек-сүйегін бұтарлай сындырған ауыр сокқылардан құлағаннан соң, есін әудемнен кейін зер жиды. Есік пен төрдей ала ат мініп, мойнына мылтық асыған еңгезердей біреуінің «Өлтіріңдер!» деп бұйрықтай берілген қаһарлы сөзі құлағында. Беті божбанды қараның шешек ұрған беті тым сұрықсыз әрі сұсты екен. Қарсыласып алдындағы аттымен алысып жүрген мұны жауырын тұсынан әдейілеп сокқан мылтықтың дүміннің ауыр тигендігі сонша көмейінен тілі ытқып кете жаздаған. Қасындағылары мұны жығып салып, әбден илектеп тепкіледі. Орнынан тұрғыздады. Денесінде сынбаған сүйек қалмады. Одан арғысын білмейді. Сөз орнына демі қырылдап аузынан қанды көбік шығып жатты. Ішіне қан құйылғаны білінді.

Жоламан әкесін көрген бетте жүгін тастай салып тұра жүгірді. Кірпігі әзер қимылдап, көзін бір ашып, бір жұмған қимылсыз әкесінің қасына тізерлей кеткен Жоламан тау шатқалын жаңғырта:

– Әке, әке. Саған не болды? Не болды? Сені сокқыға жыққан кімдер?! Мұны қай жауыздар айтпеді?! – деп екі қолын алдына соза айғайлады. Алпақ шындардың басындағы мәңгі әрмейі тұтасып жатқан мұздықтар құлақ тұндырар ащы дауыстан дір етіп қар көшкіні қозғалғандай болды. Қарағай басындағы ақтиін жүрек тоқтарлық жаңғырықты бұрын естімегендіктен тосыннан шыққан айғайға селк ете түсіп, өрмелеп жүрген бұтағында үрейі ұшып қимылсыз, бұғып қалды. Айналада құлаққа ұрған танадай тыныштық орнады. Уақыт бір орнында тоқтап қалған сияқты. Алдында сұлқ түсіп, созылып жатқан әкесіне еңсесін иіп бүгілген, екі иығы жылау мен өкүстен солқылдаған Жоламанға бір сәтте әкесінің денесі қыймылдағандай сезілді. Күніренген ұлының дауысы күңгірлеп шыныраудан жеткен кезде қария соңғы бар күш-қуатын жиып, көзін ашып, ернін жыбырлатты. Көзінен қимастық жасы бұршақтап төгіліп отырса да өкісін басып, демін ішіне тартып, әлде бірденелерді жеткізгісі келіп жатқан әкесінің ауызына құлағын тақады. «Мылтығы бар ...» деп үнсіз қалып барып, «ала ат, ала ат» деген сөзді екі бөліп айтып одан әрі ештеңе дей алмай жантәсілім берді. «Әке, әке» әкелеген сөз

қарияның санасына жетпей ауаға сіңіп кетті. Үміт дүниесі үзіліп, басын көтерген бойда қима ағаштан салынған аласа үй жағына қарағанда көзі бадырайып шарасынан шыға жаздап, тізерлеп отырған күйден атып тұрып тәлтіріңдеп, буын-буыны құрып, екі-үш аттап барып құлап түсті. «О! Құдайым-ай, не істегенің?! Не жазып-ем саған?!». Тынысы тарылып, дыбысы шықпай қалды. Екі қолын алдыға соза құлаған басын тұтасқан қалың көрпешөп жауып кеткен анасын сыртқы киімінен таныды. «Апа», «апа» деп кырылдап, тізерлеп, еңбектеп келіп етбетінен жатқан анасын аударып, шалқасынан салып, кеудесіне өкіре бас қойды. Айғайлады деп ойлағанымен дауысы сыбырға ауысты. Қора төңірегінде жүрген шалын қарақшылар жан-жағынан қауылап кергіге алып жатқанда араға түспек болып үйден жүгіре анасы қарақұстан тиген ауыр сокқыдан тіл тартпай кеткен болуы керек. Шалын қорғамас болған кейуананың созылып түскен қос қолының ұсында соңғы сәттердегі жанталаста жұлған бір ұс шөп көрінеді. Алаканы қарысып қалыпты. Үй сыртында тұрған жауыздардың бірі тұйықсыздан ауыр құралмен қарақұстан ұрған сынайлы. Жоламан анасының жансыз қолдарын бетіне тақап, саусақтарын өксі отырып сүйе бастады. Етбетімен жатқанда жарылған шүйдеден аққан қан көзі мен бетіне түгел жайылып, кеберсіп, қабыршақтанып ката бастапты. Өлер сәтінде бұрынғы мейірімді жүзі мына сұмдықтан іштартқандай сұрланып, қатуланып кеткендей көрінді.

Аңшы мына адам жасамас сұмдықтың кімдерден келген ойран екенін білмесе де анасының мәйітінің алдында әке-шешесін қорғай алмай қалғандығына олардан кешірім сұрап, құдай алдында, орман-тоғай киесінің алдында кек алатынын айтып жар салды. Аралары он-он бес қадамдай жерде жайрап жатқан әкесі мен шешесінің арасында ессіз жың сокқандай теңселіп екі-үш қайыра жүрген еді. «Әке», «әкешім» деген дауыстан селк ете түсіп барып, жалт қарады. Үйдің жанынан шыққан дауыстан соң ғана тосыннан келген қайғыдан есі кіресілі-шығасылы болып жүрген аңшының ойына екі ұлы оралды. «Аман екен ғой күндерім!» деді. Айғайлап тұрған балаларымен өзінің тұрған арасы онша жақын болмаса да мына қан-жоса болып жатқан ата-әкесінің денелерін көрсетпейін шошынып қалар деген оймен алдарынан тұра жүгірді. Айқара жайған құшағына екі баласын көтеріп, қысқан күйінде тері айналдыра әудем жерге алып кетті. Ештеңе айта алмай сүйгіштеп, содан соң ғана жерге түсіріп беттеріне қарады. Балаларына дөңестеу жерде қалың шалғын арасында жатқан әке-шешесінің өлген кейіпін көрсетпеуге тырысты. Үлкен ұлы әлденені сезгендей үрейленіп, үрпиіп қалыпты. Алты жастан асқан кішісі:

– Әке қарным ашты. Көп болды ғой тамақ ішпедік. Атам мен әжем қайда? Неге үйге бізді шақырмады? Үйге кірейікші, – деді. Жоламан жарықшақтана шыққан дауысын білдіргісі келмегендей тамағын кенеп жөтеліп алып:

– Жарайды балаларым, қазір өткендегі мен жасап берген лашықтың ішінде аз уақыт отыра тұрыңдар. Мен тамақтарыңды жылытып, өзім шақырамын, – деген сөзді әзер айтты. Содан соң үлкен ұлына қарап: – Мен аздан кейін келіп алып кетем, – деді. Үнінен білінген құсалықты ұлдарына аңғартқысы келмей бәсең айтты. Кішісі сөйлеуін тоқтата емес. Әлде бір нәрселерді айтып барып:

– Әке, апам базардан қашан келеді?, – деп әкесіне қарады. Қапелімде мұндай сұрақты күтпеген Жоламан сасып қалып, жан-жағына қарап:

– Балам апаң базарға бүгін кетті емес пе, жол ұзақ, ертендері келіп қалатын шығар. – Ойына әлдене түскендей бөгеліп

барып: – Келеді, – деді. Есіне ұлы түсірмесе әйелі Қалиша жайлы ойлануға мұршасы болмапты. Қалиша үйдің шаруалармен ертелеп қалашыққа түсіп кеткеннен соң мына сойқаннан тыс қалса, қауіп-қатерден де алыс болатындығына сенді. Әйтсе де көңілі күпті еді. Естияр үлкен ұлы әкесіне қарайлап тартыншақтаған інісін қолынан ұстап сүйрегендей етіп, үй артындағы қалыңға сіңіп кетті. Тау арасында өскен қауіп-қатер атаулыға тұмысынан дайын өскен үлкен баласы да әлдене бір қорқынышты жағдайдың болғандығын сезсе де үндемеді. Жоламан балаларымды шошытып алам ба деп алаңқайда екеуі екі жерде қып-қызыл ала қанға боялып, баскесерлердің қолынан жан тапсырған әкесі мен шешесінің мәйіттерін көрсеткісі келмеді. Бар күш-қайратын бойына жиып тісін шықырлатып «Қап, әттең-ай. Құдай-ау. Не жазып едім осыныша...» дей жүріп, былқ-сылқ еткен жансыз денелерін көтеріп аулағырақтағы биіктеу жерге апарып қатарластыра жатқызды. Тездете басып үйден жамылғы әкеліп беттерін бүркеп қойды. Жаз аяғы жақындап, күн де қысқара бастаған кез еді. Балаларына қарттарды жерлеуді де білдіргісі келмеді. Зығырданы қайнап ішіне қан ката жүріп, үйге кіріп ошаққа от тұтатты. Содан ғана барып әлгіндегі баласының шешесін сұрағаны мұның есіне келінішті Қалишаны түсірді. Кеше ертеңгісін, бұл аңға шығар алдында әкесі үй жанында жайылып жүрген атын ертелеп әкеліп ерттеп, ертоқымының қанжығасына иленген терілерді бумалап екі қапқа ықтияттап салып бөктеріп беріп, келініне анша-мұнша нәрсені айтып табыстап қалашыққа жіберген. Жүрегі зу ете қалды. Дегбірі қашты.

«Аман болса болды. Аман келсе екен. Мына сұмдықты көрмегені де дұрыс шығар. Ол да іздейді-ау, ата-енесін» деген ой кірді. Әйтседе, сақалақтап жүріп шешесінің немерелеріне дайындап қойған түскі асын жылытып. Үйден шығып қарағай арасына сіңіп кететін бөктердегі сокпақпен барып айғайлап балаларын шақырды. «Көкелеп» бала көңілімен құлдырандап ұшып кішісі жетті, одан соң үлкені көрінді. Кішісі қолынан ұстап келе жатып:

– Әке, біздің Бөрібасар қайда кеткен?, – деп, бетіне қарады. Далаға шыққан сайын арсалаңдап қастарынан қалмайтын бауыр басып кеткен өздерінің үлкен төбет ітін жоқтады. Қапелімде қандай жауап қайтарарын білмей, көзін ала қашып, күмілжі:

– Иә, қайда жүр екен Бөрібасар? Әлде аң қуып кетті ме екен? Қарны ашса келетін шығар, – деп еркелей сөйлеген ұлының көңілін аулай тіл қатты. Дауысы тарғылданып шықты. Бір нәрсені айтқысы келген үлкені:

– Бағана..., – деп, әкесіне әлденені айтпақшы болып оқталып барып, жан-жағына қарап қорыққандай кейіпке түсіп тоқтап қалды.

Әрнәрсенің басын шалып сөйлеп, екеуін үйге жеткізді. Анасы дайындап, марқұм өзі дәмін татуға бұйырмаған тамақты балаларына берді. Азанда атқан текенің бауырынан жасап жеген құйкалағынан басқа өзі де нәр татпапты. Одан бері оразасын ашпаған күйзелісте отырған өзі де тамағына келген өксінің әрең тежеп, алдына алған екі-үш кесек етті қылғына жұтты. Күніге нәр сызбаған балалары іштері жылып, бойлары жіпсіп қалғи бастаған соң, жатқызып қойып тысқа шықты.

Ойына іті оралды. Айналаны шарлап іздеп жүріп ітті де тапты. Әкесі құлаған жерден алысырақтағы қарағай арасынан шыға берістегі бұта түбінде иесіне қарай созыла түсіп өлген төбетке көзі түсті. Біраз жерге дейінгі жербауырлай жылжығандығы шалғын шөптің жапырылып қанға боялғандығынан анық көрінді. Белден тиген сокқыдан жансызданған артқы екі аяғын сүйретіп иесіне келмек болған болуы керек. Арғы жақта алғаш айқас болған жер көрінеді. Шамасы қаншалардың алдынан шыға келіп тұра ұмтылғанда атқан сынайлы, бірақ бірден құламай жаумен жағаласқандығы шөбі жапырылған жердегі шашыраған іттің қанынан көрінді. Мылтықтың оғы өкпесін ала тигенімен бірден өліп кете қоймаған сияқты, ақыры ауыр нәрсенен басынан аяусыз ұрып мылжалап, көзін ағызып жібергендігінен өлгені байқалды. Әкесі ітін аршалауға жүгірген де шығар. Қалай болғанда да ітін иесімен қосып бірақ өлтіріпті. Иесін қорғап алас ұрып, жауымен алысып жан берген күшігінен өсірген адал досы Бөрібасардың басынан сипап көңілі босап біраз бөгелді. Бүкіл тауды күңіртеп дүрс еткен мылтық дауысы бір-ақ рет шығып еді, ітті атқан екен ғой деп ойлады.

Үй тұсындағы ағаштан тұрғызылған қоймаға беттеді. Әкесі күнделікті тұрмысқа қажетті құрал-жабдықтарды, саймандарды, кептірілген, иленген, пайдалануға, сатуға апаруға дайын бұйымдарды, терілердің барлығын осында сақтайтын. Есігі айқара ашық сарайға енгенде байқады, қапталады

